

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Шыңғыс хан бейнесі

А. Нусипов

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Образ великого Чингизхана, особенности его характера и исторические дела правдиво раскрыты в казахской художественной литературе. История Чингизхана на разных этапах связана с историей казахской литературы.

Біздің зерттеуімізге арқау болған ұлы тұлға Шыңғыс хан өз хандығын ұлғайтып, мәңгі жасайтын мемлекет құру мақсатында еркімен бас имегендерді қылыштың жүзімен бағындырған. Соғыс – біреуге үрей, біреуге мерей. Жеңілуші жақ ақыры ұлы хандық құрамына енгенімен, соған дейін халықты ерлікке үндеу, жоқтау, зар тұрғысында шығармалар (Ақтабан-шұбырынды жылдарындағы атақты «Елім-ай» секілді) тұндырғандығы күмәнсіз. Сол шығармада басқыншы Шыңғыстың атының аталғандығы да ақиқат. Әрине, жағымсыз тұрғыда. Ал, жеңімпаз ханның әр жеңісін тойға айналдырып отырғандығын ескерсек, жиын-тойда бұрынғы мадаққа қоса, жаңа, тың туындылардың да туылып отырғаны талассыз. Заманнан заман өткенде, әлгі шығармалардың ұмытылғаны ұмытылып, ұмытылмағаны сан өзгеріске ұшыраған. Уақыт ағынымен алға жылжи берген. Аңызға айналып. Енді, сол аңызды кейінгілер өз шығармасына шикізат ретінде қолданған.

Әу демейтін қазақ жоқ. Бес қазақ бас қосса, жыр айтпай тарқамаған заманда, бұрынғылар Шыңғыс туралы жыр-аңыздан естіген, әңгіме арасында қарапайым сөзбен де өткен күнге шолу жасаған. Кейінірек, жаппай «сауаттанып», ауыз әдебиетінен жазба әдебиетіне ауысқан тұста, Шыңғыс бейнесі – талай романның, хикаяттың, әңгіменің, поэманың, пьесаның, қысқасы, талай үлкен туындылардың негізі болды. Тікелей Шыңғыс ханға қатысты болмағанымен, өзегінде аты аталып, ісі суреттелетін, бейнесі ұшырасатын көркем шығармалар қаншама!

Шыңғыс ханның ұлы қағанатты құрудың алғышарттарын жасап жатқан тұсында ең ірі қарсыластарының бірі – наймандар болған. Найман мемлекеті. Наймандар мен Шыңғыс ханның арасындағы соғыс тарихы әдебиетте қалай бейнеленді? Кім жазды? Біздің қолымызға түскені – Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» атты романы. Наймандардың күшейіп тұрған кезі – Шыңғыс ханның еңсесін енді көтеріп, жаңа хандықтың іргесін жаңа бекітіп жатқан сәтіне сәйкес келеді. Осы сәттен – Наймандардың әлсіреп, Шыңғыстың алдында тізе бүгуіне дейінгі тайталас шығар-

маның арқауы болған. Романның көркемдігі туралы сөз қозғау артық. Жалпы, бұл романдағы Шыңғыс хан о баста Керей мен Найман деген екі күші басым хандықтың арасында күші аз болғанымен, айласы асқан адам ретінде суреттеледі. Найман мен керейдің арасындағы қақтығыстарды өз пайдасына шебер пайдаланып кете алған айлакер адам. Роман наймандар жақтан баяндалатындықтан Шыңғыс ханның образы жағымды деуге келмейді. Көк бөрілердің көз жасы – наймандардың көз жасы.

Қай оқиғаның тұсында екеніне шүкшиып жатпай-ақ, осы шығармадан Шыңғыс ханға берілер баға мен телінер бейнеге аздап тоқталып өтсек:

«Темүжін де айлалы. Сол кеткеннен мол кетіп, қыс өтіп жаз шыққанға дейін ат ізін салмай жатып алды. Ондағысы Керей ақылына келсін, бір ауық оң солын байқап, өзінің оқшау тұрғанын, дәл қазір сүйеніш болса, осы Моңғол болар деп, соған көзін әбден жеткізсін дегені еді» (2, 85).

Бұл жерден көретініміз Шыңғыс ханның Керейлерге қол ұшын беріп, оларды өзіне борышкер қылып қойғандығы. Керейдің ханы Оң хан Темуджинге қатты сенеді, оның үстіне өкіл әкелігі тағы бар. Ал, Оң ханның ұлы Сангүн Темуджинді жек көреді. Жазушының суреттеуі бойынша Темуджин мен Сангүн әкенің алдында асыққа таласқан екі ұл сияқты. Ит пен мысықтай. Сангүн жаулығын жасырмағанымен, Темуджин сыртқа шығара қоймайды. Ертеңіне, болашағына сенер адамның ісі. Екі мемлекеттің арасындағы достық есепсіз болмайтындығы белгілі. Қай-қайсысы да өз пайдасын ойлайды. Сол сияқты Шыңғыс ханның Керейлерге жасаған жақсылығы да есепке құрылған, қарымтасы бар жақсылық. Мәселен:

«Темүжін, осы жолы да түскен олжаның бөріні Оң ханға сыйлады. Оның бұл жомарттығының сырын түсінбеген кейбір кісілер беталды қоңқылдап: «Темүжін бар олжаны аузымыздан жырып Оң ханға беріп жатыр, өз ағасын ағалай алмаған, кісі ағасын жағалай алмайды, мұнысы не?» – деп елді дүрліктірмек болды. Сонда Мұқали балуан: «Керейге кеткен

еш кетпейді, ертең айналып келіп өз уысыңа түседі» – деді.

Ақыры соның айтқаны келді» (2, 86).

Бұл да рас. Есебі мықтының екі асайтыны айдай ақиқат. Алысты көздеген, есебінен жаңылмаған Темуджин – Шыңғыс ханға айналды. Наймандарға жау Шыңғыс хан – өз елін бақытқа жеткізуді, теңдікте күн кешуді армандаған қайраткер.

Шығармадағы мына бір Шыңғыстың сөзі:

«– Ежелден Алтайдың күн бетін көрмеген біз де ақымақ екенбіз. Сөйтсек, аспан асты кең екен, алуан-алуан ел екен. Енді ат бауырын жазып, алыс-алысқа шеру тартатын, тамам Моңғол-керейдің аламанын артымнан ертіп, жау түсіріп, олжа салатын, өзгелердің қамбаларын сарқып, салтанат құратын кез жетті. Моңғол-керей жұрты ендігіде Бұрхан мен Қаракорым тауының тағысындай табанын жалап күн кешпейді...

Ол қыза сөйлеп осы араға келгенде жұмық көздері тереңнен жылтырап, өңіне ісік жүргендей күрендеп, терісіне симай кетті. Әлгі жұмық көздер енді от боп жайнап, қыранның қаншегіріндей талпынып, байыз таппады. Жасы отыз жетіге келген моңғол қағаны осы бетінде әлденеге алақызып, асығатындай.

Алдына келген нояндар оның мына түрінен именіп, сөзден бөгеліп отырып қалды» (2, 96).

Оның алдағы мақсатына асығуы ғана емес, өзінің қарашысын имендіріп тұратын сұсты жүзі көз алдыға келеді. Ол әскерін тек имендіріп қана қоймай, олармен санасып отырған. Кей жағдайда сұраған қалауларын орындайтын болған. Оған бір мысал, Түрсынхан Зәкенұлының осы романындағы әскерінің аң аулауға өтініш айтып, Шыңғыс ханның келісім беріп, біраз уақытын сейіл-серуенге бөлгендігі.

Сонымен қатар, Шыңғыс хан басынан не өтсе де уақытша деп білген шыдамды, төзімді, сабырлы адам. Саят құрып жүргенде итін Сангүннің бүркіті жазым қылады. Сангүннің көздегені де осы болатын. Ханның итінің өлуі де мұндай сын сағаттарда жаулыққа ұласатын араздықтың тууына себеп болуы мүмкін жайт. Бірақ, болашық мақсат-мүдде жолында ақылды хан ондайға жібермейді, келіп тұрған ашуын тежей біледі.

Біз тоқталмақ келесі туынды Мұхтар Шахановтың «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі» атты поэмасы. Шахановтың ұстанымы белгілі. Шыңғысты қанішер санайды, қазақтың Отырар атты қаласын талқандағын басқыншы есебінде

суреттейді. Даңқы жер жарған, екі жүз мың әскері бар Шыңғыс хан алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмайды. Ақыры, іштен сатқын шығып, Отырардың күлі көкке ұшады. Отырардың ханы Қайырдың ерлігіне тәнті болған Шыңғыс хан «сендей бес қолбасшым болса ғой» деп армандайды. Және, өз ханына опасыздық жасаған сатқын, түбінде мені де сатып кетеді деп, Қайыр ханға құрмет көрсетіп, Қарашоқының тағдырын қолына береді.

Осы тұста айта кететін бір жайт, ұлы қағанның сатқындықты кешірмегені тарихтан белгілі. Өзіне көмек берген талай сатқынның тағдыры Қарашоқы тағдыры секілді аяқталған. Қарашоқы аталатын поэма кейіпкеріне тарихи тұрғыдан ақ-қарасын айырып, тоқталып жату артық, бұл жердегі әңгіме қандай бейнеде болса да қазақ әдеби шығармаларындағы Шыңғыс хан жайлы. Тарихи шындық хақындағы әңгіме кейінірек.

Шыңғыс хан аузымен айтылатын мына жолдар:

«Әр мықтының осал жері болмай ма?
Болса қайсы? Оған бастар жол қайда?
Ал бұл сұрақ бар кез сенің жүру керек ба-сында,
Менің күллі жеңісімнің күпиясы осында!» (3, 25) –

қағанның ұстанымынан хабар береді. Күшті қарсыластың осал тұсын тап басып тани білу жеңіске жетелер бірден бір жол. Қағанның басқан жерінің бәрі қан сасиды, себебі ол жан баласын аямайтын жауыз. Осы поэма бойынша айтқанымыз.

«Рас, менің нөкерлерім безбүйрек
Зұлымдықты ерлік деп те таниды.
Олар тіпті өкшесімен езгілеп
Кете алады жазығы жоқ сөбиді.
Одан да ірі хайуандыққа жете алады төзімі,
Бәрін өзім үйреткенмін о баста.
Қаталдық пен аяушылық сезімі
Жауынгердің жүрегінде түспеу керек таласқа.
Түспеу ләзім қос сезімнің дауына,
Мен осыған қатты көңіл бөлемін.
Қаншама иттік етсе де олар жауына,
Туған жерін сатпасына сенемін» (3, 27).

Шыңғыс хан туралы Отырар дастаны осылай дейді. Біздің мақсат автор ұстанымын талқылау емес, сондықтан осымен тоқтасақ та болады.

Келесі бізге объект болған шығарма Әбіш Кекілбаевтың «Ханша-дария хикаясы» атты хикаяты.

Күрделі тұлға туралы дерек те күрделі. Сан түрлі. Нақтылықтан болжау басым. Ұлы қаған өмірінің соңы, қазасы туралы да әртүрлі айтылады.

«Шыңғыс хан өлімі туралы тарихшылар пікірі де әртүрлі: бір деректерде үнді елінен

жорықтан келе жатып, ауырып өлсе, енді бір деректерде Арбух тауында құлан атып жүріп, аттан құлап өліпті дейді. Қытай тарихшылары басқа дерек айтса, маңғұлдың кейбір тарихшылары Таңғұттың асқан сұлуы Гүрбелжіннің қолынан өлді дегенді айтады» (5).

Біз талдамақ хикаятта осы соңғы нұсқа, моңғолдың тарихшыларының келтірген деректері көркемдік шешім табады. Ел аузындағы аңыз бен тарихи дерекке сүйенген жазушы көргені мен естігенін көркем дүниеге айналдырған.

Енді, тікелей шығарма желісіне көшсек. Ұлы қағанның ұйқыдан оянып, саусағындағы жүзкітерін түгендеуден басталады. Он саусағында тұрған он жүзкітін өзіне тиесілі тарихы бар. Жазушы сол оқиғаларға шолу жасап шығады. Шыңғыс хан өзіне бас имеген, қаһарынан именбегендердің басын алып, жүзігін тағып алып отырған. Әлемді тітіренткен ұлы жиһангерге бас имегендердің жүзігінің көптігіне тоқталады. Демек, қаған қанша қаһарлы, айбарлы болса да, оған бас имей кеткен қарсыластар аз болмаған. Жазушы шығарма басында осыған бір назар аударады.

«Бұл өз алдына келгенде қаймықпаған адамның қай-қайсысының да жүзкі-сақинасын кесіп алып тағып жүр. Адамдар неткен көзсіз, неткен өжет. Тап бұдан именбейтін адам шанда-шанда бір жолығар деп ойлап еді, ондайлардың тек сақина-жүзкітерінің өзі бірнеше керуенге жүк болды. Бұл өрлік пен ерлік түгілі, мешкейлікті де, дүниеқоңыздықты да жеңе алмады».

Таңғұт елін жаулау сапары. Бір қарағанда әйел үшін бастағандай көрінгенмен, көреген ханның екі қоянды бір оқпен атқандығын көреміз. Дәл осы тұста, Шыңғыс ханға бағынышты Таңғұттардың жорыққа әскер қосудан бас тартып, онымен қоймай басқа көршілерді Шыңғыс ханға қарсы соғысуға үгіттеп жүргендігі соғысқа басты себеп болады. Жауды жеңу бір басқа, сұлу қыз-келіншегін қатын қылу бір басқа. Алғашқысы елдігінің нығайып, күшінің артқанын көрсетсе, соңғысы жеңісінді дәлелдеп, жауыңның сағының біржола сынғанын айғақтайды.

Қаланы алғаннан кейін, жеңімпаз ханның алдына Шидүрге әкелінеді. Шидүргенің: «Мені өлтірсең – өзіңнің басыңа қауіп, өлтірмесең – артындағы ұрпағыңа қауіп» – деген сөзіне: «Менің басыма көктегі хақ тәңірінің өзінен басқа ешкім қауіп төндіре алмайды, алда-жалда басымды шауып алғысы кеп өреленер жау болса, кезінде көріп алармын, ал енді ертең ұрпағымның тынышын алатын жау болса, осы

қазір қапы қалмай тұрып көзін жояйын!» – деп жауап бергені оның ұрпақтың ертеңін ойлаған сайыпқыран хан екендігінің бір көрінісі.

Шидүргенің басы алынады. «Ханым көйлегінің жеңін шап беріп асап алды. Өң-сөл жоқ сүп-сүр жүзін удай ащы көз жасы тілгілеп жатыр» (4, 86). Бұл кек алуға бекінген әйелдің көз жасы еді.

Ақыры, Гүрбелжін ханым «Арына дақ түсірмей, және қанқұйлы жиһангерден айламен кек қайтарып, өмірден өтеді» (7, 72). Шығарманың шешуші сәті – Шыңғыс ханды жаралап, Гүрбелжін ханымның кек қайтаруы:

«Өне бойында лыпа жоқ, қақпанға түскен еліктей өз-өзінен үркіп тұрған аруға қарай төне түсті. ...Құмарлықтың дүлей желігіне біржола беріліп, құдды бір жағаға шығып қалған балықтай тынысы тарылып, танауын жас тәннің, асау қанның, елден ерек сұлулықтың хош иістері қосыла аңқыған қос анардың ортасына енді апара бергенде, ұлы әмірші оқыс ышқынып, сылқ етіп сұлу үстінен ауып түсті» (4, 87-88).

Бар ғұмыры күреспен, жеңіспен өткен ханның өлімі жайлы сыр шертетін хикаяттың финалы осындай. Туған сәтінен бастап Тәңірінен талай сый алған тумысы ерек ұлы билеушінің маңдайына «қансонардың қарындай аппақ тәні бар» аруды құшу жазылмапты. Бар ісін ақылмен, мың ойланып, жүз толғанып барып шешкен көреген қолбасы, бір сәт соқыр сезімнің жетегіне еріп, сабырынан айырылып еді, осындай сұмдыққа кез болды.

Жанды жері жараланып, пұшайман болған ханның ендігі іс-әрекеті: құздан секіріп, дарияға ағып кеткен Гүрбелжінге арнап отау тіктіріп, одан қалған жалғыз белгі – сұлудың жұпар иісі сіңген көйлегін бауырына басып, құныға иіскеп мауқын басып жүріпті. Ақыры:

«Шыңғыс хан әшекейлі қытайы кесеге әлдебір сусын құйып, Қасар мергенге ұсынды: «Түгел жұтып салмай, орталап ішіп, қалғанын өзіме қайтар,» – деді. Қасар мерген бұнысына айран-асыр болса да, ұлы әміршінің бұйрығын орындамауға дәті бармады. Ол қытайы кесеге жұмбақ сусынды орталап ішіп, кесені мамық төсектің үстіндегі арса-арса бір уыс шалға, ұлы әміршісіне қайтып берді. Қытайы кесенің қолынан шығуы мұң екен, төсектің аяғына құлап түсті. Ол өзінің, күні кеше арқар қуып, тау мен таста қаңғып жүрген жаман аңшының сарқытын жарты әлемді қасы мен қабағына қаратқан ұлы әмірші қалай қағып салғанын көріп, таңғалып, ернін бір сылп еткізуге ғана мұршасы келді.

Бұл Қасар мергеннің ұлы әміршісіне ең соңғы таңғалуы еді» (4, 89).

Аңғарғанымыздай, Әбіш Кекілбаев өз шығармасында ұлы Шыңғыс ханның да пенде екенін, адам екенін басты идея еткен. Оның да осал тұсы болатындығын жазады. Адамзатқа тән осалдыққа ол да ие. Адам баласы ұлы сезім – махаббаттың алдында дәрменсіз. Шыңғыс хан да осы орайдан табылады. Аңдамай басқан бір қадамның өмір бойы ешкім таптай алмаған намысың мен жеңе алмаған тәніңді аяқ асты етуі мүмкін. Шыңғыс хан да күтпеген жерден қырсыққа ұрынады. Ешкімнің айласын өзінен асырып көрмеген хан бір-ақ сәтте соқыр сезімнің құлына айналып, нәзік жыныстының қолынан құрбан болды.

Сөзімізді қорыта айтқанда әдебиет аталатын мектепте біреулер білгенін, көзі жеткенін айтса, ақиқат деп танығанын жазса, бірі құр дықпыртқа сүйеніп, құлағы шалғанын айтып жатады. Заңды құбылыс. Кім не жазса да, өз танымы тұрғысынан жазады. Әдебиет осылай қалыптасады. Автор танымын негізге алсақ, сол әдебиетте ұлы адамдар туралы пікір мен көзқарас та сан қилы. Біреу үшін қасиет тұтар, бас иер кие, екінші біреу үшін жиренер жамандық. Ақиқат талас тартыстан ашылатындығын ескерсек Шыңғыс хан туралы дауға да нүкте қойылар күн алыс емес. Тарих – әділ төреші деп жатады. Бас қазы төрелігін бергенше түрлі мазмұндағы, қилы ұстанымдағы шығармалардың жазыла беретіндігі де заңды құбылыс. Жаңсақ ұғым, қате пікірдегі туындылар заманнан заман озғанда, кезінде Шыңғыс хан бабамыз туралы осындай көзқарастар да болған екен дегізетін тарихи құжатқа айналады. Оған дейін дау тоқтап, тартыс тиылмақ емес.

Дау дегеннен шығады, сөзіміздің басында айттық, қаған туралы талас-тартыс әдебиетте ғана емес, БАҚ-да да көрініс тапты. Зиялы қауымның арасындағы тартыс уақыт өте келе қарапайым халық арасындағы таласқа ауысты. Алдымен Мұхтар Мағауинге жүгініп көрейік:

Шыңғыс хан... біз үшін мәңгілік мақтаныш...

Шыңғыс хан есімі біздің халқымыз үшін, міне, тоғыз жүз жылға тартты, ұран болды, қуат болды, ақыры арманға айналды.

Кейбір ағайындар айтып жүргендей, біз Отырарды қорғағамыз жоқ, қоршадық, бергеміз жоқ, алдық, дәлірек айтсақ, жаудан бостан қылдық...

...айтатындары – Шыңғыс хан жаман, қанішер, пәленбай қаланы қиратқан, пәлен жұртты жойған. Біз айтайық, Шыңғыс ханның және оның ұрпақтарының атының тұяғы тиген ешбір

жерде ешқандай халық жойылған жоқ. Бәрі де ата жұртында өсіп, өніп, бүгінгі күнге жетті» (8-9).

Енді осыған қарсы Мұхтар Шахановтың айтуы:

«Ал, жарайды, туысқанымыз-ақ делік. Безбүйрек туысымыз әрі әміршіміз болғаны үшін Шыңғыс ханның талай жазықсыз жұртты, тіпті, өз ата-бабаларымызды да қан қақсатқан қасіретіне көз жұмуымыз керек пе? Бұл ойдың ар жағында құлдық сана формуласы, яғни, жұртты соған қайта үндеу жасырынып жатқан жоқ па?» (10).

Қарапайым халық дегеніміз:

«Біз, Отырар қариялары, М. Мағауиннің «Шыңғыс ханның шарапаты» атты мақаласын оқып, жағамызды ұстадық... Шыңғыс ханды «бізге азаттық әкелуші» деп жариялау – барып тұрған әділетсіздік әрі біздің әлі жеке ұлт боп ұйымаған дәуірімізге баға берушілік, нығыздап айтсақ, сауатсыздық дер едік.» (11) – дейді.

«Шыңғыс ханның арғы тегі қият, ал қият пен қыпшақ бірге туысады. Негізінен, батыс пен орыс зерттеушілері Шыңғыс ханның бізге туыс екенін жасыруға тырысты ғой. Тіпті, түркі дегенді айтқызбай, оны моңғол деп атады. Артында Алтын Орда деген мемлекет қалды. Ол – қыпшақ мемлекеті еді... ал енді әлгі «Отырардың күйреуіне» қайтып келсек, оны экраннан алып тастайтын кез жетті. Ол ешқандай патриоттық рух бермейді, қайта оқушыны шатастырады» (12).

Міне, Шыңғыс хан туралы баспасөз беттеріндегі пікірлер. Бұл әрине тарихи таным тұрғысынан алғанда қазақ қоғамының қазіргі бейнесі, түсінігі. Қандай шығармалар болмасын, белгілі бір идея тұрғысынан туылатындығын ескерсек, біздің келтірген пікірлер (келтірмегеніміз қаншама) болашақта жазылатын шығармалардың сұлбасы деуге болады. Қалай болған күнде де, Шыңғыс хан аңыз арқылы әдебиетімізге келген, орын алған. Енді заманауи ауқымды шығармалар арқылы көркем әдебиеттің төріне шығады. Аңыз ақиқатқа айналады.

Сөзімізді Мағжанның сөзімен түйіндейік:

«Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғиық ой, болат жігер.

Шыңғыстай данышпанның құр аты да,
Адамның жүрегіне жігер берер» (13).

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы, 8том. – Алматы: Қағанат, 2002.
2. Зәкенұлы Т. Көк бөрілердің көз жасы. – Алматы: Олжас, 2002.

3. Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. – Алматы: Жазушы, 1988.
4. Кекілбаев Ә. Дала балладалары, 2том. – Алматы: Жазушы, 2001.
5. Қабышұлы И. Шыңғыс хан. // Егемен Қазақстан, 24-тамыз, 1992.
6. Дюсенбаева Ж. Ә. Кекілбаевтың шығармашылығындағы тарихи тұлға және көркемдік жинақтау: док. диссертация. – Алматы, 2009.
7. Дүйсенбаева Ж. Ә. Кекілбаев прозасы. Халықтық аңыздар және көркемдік шешім: канд. диссертация. – Алматы, 1999.
8. Мағауи М. Шыңғыс ханның шарапаты. // Жұлдыз. – №3. – 2002.
9. Мағауин М. Ешкі жетектеген екеу. // Алтын Орда, 1-қараша, 2002.
10. Шаханов М. Құлдық сана формуласы немесе Шыңғыс ханды пір тұтушылар әлегі. // Қазақ әдебиеті. – №1. – 2002.
11. Ордабаев Қ., Әдіхам Шілтерханов. Оңтүстік Қазақстан, 6-маусым, 2002.
12. Жұмаділов Қ. Мен не жазсам да көзбен көргенімді, куә болғанымды жаздым. // Айқын, 28-наурыз, 2006.
13. Жұмабаев М. Шығармалар, 1 том. – Алматы: Білім, 1996.

* * *

In this article of examined about appearance of Great Chingizkhana in kazakh artistic literature. Told about that, how historical businesses and character features are true exposed. Side by side with this connection of literature opens up with history, talked about close connection of history of Chingizkhana on the different stages of development of literature with history of kazakh literature.

Коммуникативная культура и компетентность в профессиональной сфере общения

Ж. Б. Джаламова, Л. А. Алдабергенкызы

ст. преподаватели КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. Статья представляет собой опыт преподавания курса «Русский язык» на факультете химии и химических технологий. Авторы дают подробную характеристику всем видам работ, применяемых при анализе научного текста. Особое внимание уделяется типологии текстов по специальности; характеризуются работы, представляющие собой итоговую форму оценки знаний.

Формирование профессиональной компетентности базируется на создании значимых структур в сфере профессиональной деятельности. При формировании профессиональной компетентности активность индивида является важной составляющей и «мерой всестороннего проявления своей сущности в конкретных условиях» [1,61].

Стратегические направления в области образования требуют поиска новых организационных форм, методов обучения. В связи с этим возникает необходимость использования инновационных методов в образовательном процессе. Данные изменения во многом обусловлены положениями Болонской декларации, которые нацеливают на подготовку самостоятельной, развитой личности, способной к творчеству, самоидентификации, максимальной самореализации.

Приоритетной задачей является подготовка высококвалифицированного специалиста и, несомненно, формирование профессиональной компетентности, которые ориентированы на

создание личности, обладающей фундаментальными знаниями, способной гибко адаптироваться к изменяющимся условиям жизни.

На актовой лекции Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в КазНУ имени аль-Фараби была озвучена задача форсированной модернизации экономики, переход от сырьевой к индустриальной. Президент справедливо заметил, что Казахстану необходима интеллектуальная революция, которая позволит пробудить и реализовать потенциал нашей нации, где науки химия, биохимия и биотехнология должны быть приоритетными в научно-технологической картине мира [2,24].

В условиях быстро изменяющегося образовательного процесса понятие модульности как способа планирования и организации учебного материала при разработке учебных пособий и рабочих программ широко вошло в практику вузовского обучения. Как отмечает Екшембеева Л.В., этот способ зарекомендовал себя рациональным, обеспечивающим программно-целе-